

**Жаңаарқа ауданы әкімінің  
шешімі**

**Атасу кенті**

**№3**

**21 желтоқсан 2017 жыл**

*(Қарағанды облысы Әділет Департаментінде нормативтік құқықтық акт  
2017 жылдың 26 желтоқсанында нормативтік құқықтық актілерді  
мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №4499 болып енгізілді)*

**Жаңаарқа ауданының қорғаныс  
істері жөніндегі бөлімінің шақыру  
учаскесіне 2001 жылы туған ер  
жынысты азаматтарды тіркеуді  
өткізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33 бабына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңына сәйкес, Жаңаарқа ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 2001 жылы туған азаматтарды тіркеуді өткізу, оларды әскери есепке алу, олардың санын, жалпы білім деңгейі мен мамандығының дәрежелерін белгілеу, шақырылушылардың дене шынықтыру дайындығының деңгейін анықтау мақсатында, Жаңаарқа ауданының әкімі **ШЕШТІ:**

1. Жаңаарқа ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 2001 жылы туған ер жынысты азаматтарды тіркеу, 2018 жылдың қаңтарынан наурызына дейін ұйымдастырылсын.

2. Жаңаарқа ауданының ауылдық округтар және кент әкімдері жасөспірімдердің Жаңаарқа ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру комиссиясына ұйымдастырған түрде және міндетті келуін қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Аудан әкімінің  
міндетін атқарушы**

**Қ. Қожықаев**

